

Қажымас қара нарым...



Байғабыл ауылының төл перзенті, сонау соғыс жылдарында, 1942 жылдың қытымыр қысында қатар қоныстанған екі колхоздың төрағалары болған Сүлеймен әке мен Зейнелгарип ана Өмірбектердің отбасында дүние есігін ашқан ҚР Мәдениет қайраткері Жұмағали ӨМІРБЕК ағамыздың 75 жылдық мерейтойы жасасын!

Баяғыда Ыбырай Алтынсарин ішкі Ресей жаққа бір құдалық рәсімге барғанда, жанына Наушабайдың Нұржанын ғана ертіп алыпты. Құдалар жағының ақсақалы: «Уа, Ыбырай, ел билеген Балғожа бидің немересі

деген атағың бар, өзінің де беделің атан түйеге жүк болғандай. Жаныңа он шақты жігіт ертіп келсең, біз саламағын көтере алмайды деп ойладың ба?» деген наз білдіреді. Ыбырай: «Асықпаңдар, құдалар, өзі әнші, өзі сері, әрі нақалшы, термеші, толғаушы, ескі назымдар мен ғақпона жатқа айтатын балуан Нұржаның өнері он жігітке татады» деген екен. Сол сияқты, Жұмағали ағамыздың бойына да талай өнер ұя салғанын жүргі біледі.

Базалық білімі педагог, әнші, сазгер-композитор, күйші, Өзбекәлі Жанібектен сабақ алған өнер жанышыры, жастар тәлімгері, комсомол мектебінде шығарылған іскер ұйымдастырушы, кемеңгер басшы, жақсы спортшы, алқалы топта сөз бастаған шешен, шежіреші, ақын-жауынды (ақын десем артық кетіп қалармын) Жұмағали ағамыз өте

көңілді, мейлінше кішіпейіл, ақ жарқын, достыққа адал, елжанды, елге танымал тұлға. Жасы 75-ке келсе де, өзінен үлкендерге арнап, «Аман, бол, ағаларым!», сұлу қыз-келіншектерге - «Неткен сүйікті ең...» әндерін тарту етіп жүр Жүкең-сері. (Композитор Ж.Өмірбектің әндері мен күйлері, музыкалық композициялары танымал әншілер мен аспаптық орындаушылардың репертуарында бар. Ең көп тарағаны - Г.Қайырбековтің сөзіне жазылған Ғазизаның орындауындағы «Неткен сүйікті ең...» әні)

Жүкеңнің туған еліне адалдығы мен адамгершілік парасаты туралы нүгіме бір төбе. Оны Ағамыздың табанының ес білгелі туған топырақтан таймағаны дәлелдейді. Қарағандыда оқыды, елге оралды, талай ел мен жерді аралады, ата-мекеніне асығатын, Қостанай мен

Алматы, Астана шақарды, бармады. Ағамыздан қалған мынадай өткір сөз бар: 90-жылдардың соңындағы қиын кезеңде үлкен шаһарда тұратын бір досы күйзелген қаланы көріп, «Жүке, Арқалықарыз ит байласа, тұрғысыз күйге түсіпті ғой, Астанаға көшіп алыңыз» деген кеңес беріп жатса, Жүкең: «Бұл қаладан иттердің бәрі қашып, адамдар тұрып жатқан жоқпыз ба?» деген екен. Жүкең Арқалықтың ата-жұрты Батпаққараның болашағына сенді, басқаларды да сендіре білді!

Құрметті, Жұмағали Сүлейменұлы, Сіз 75 жасыңызға шаршамай-шаддындай, жақсы келдіңіз. Өнерді өміріңізге серік етіп, сексенге сергек жетіңіз, тоқсан тосқауыл болмасын, жүз жастың да белесін көріңіз. Біздің ағаларымыз осындай деп мақтанып жүрейік.

Р.С. Қажымас қайраткер Жұмағали

ли Өмірбек ақсақалдың Амантоғай ауылында, Аманкелді ауданында, Торғай облыстық комсомол мен партия кеңес ұйымдарында, өңірдің мәдениет саласында істеген лауазымды қызметтері тәттіттеп жазып, еңбек жолындағы бел-белестеріне, қидру-қдау істеріне тоқталмай отырмыз. Оның бәрі газет мақаласына сыймайды, түбі кітап болып жазылар.

**Астана қаласындағы
іні-қарындастарының атынан
Жомартбек
НҰРМАНОВ пен
Жомарт
ТҮБЕКБАЙҰЛЫ.**

